

## **№ 2 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Откізілген уақыты: 02.12.2024 ж.

Катысқандар: 13

Катыспағандар: жоқ

2024-2025 оку жылындағы жоспар бойынша 2жыл эксперимент алаң жұмысы

**Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік қабілетін қалыптастырудағы экологиялық тәрбиенің маңыздылығы»

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу іс-әрекетін үйымдастыру бойынша педагогтердің жұмысын жалпылау.

### **Күн тәртібінде**

#### **I Теориялық бөлім:**

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Баяндама: «Балабақшада үйымдастырылған зерттеу іс-әрекетінің маңыздылығы»

**Педагог-модератор:** А.Айдарбекова

#### **II Тәжірибелмен бөліскім келеді айдары**

«Тәжірибе және зерттеу күні» ашық есік апталығы нәтижесі

3. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін қалыптастыру мүмкіндіктері»

**Педагог- модератор:** Р.Өмірзак

4. Тақырыптық бақылау. «Мектепке дейінгі жастағы баланың танымдық қабілеттерін дамыту бойынша педагогтардың жұмысын саралау»

**Инновация әдіскері:** Ж.Жанакулова

#### **Педкеңеске іс-шаралар**

Ашық есік апталығы. Әр жас ерекшеліктері топтарында үйымдастырылған үйымдастырылған іс-әрекетіне ата-аналар мен педагогтардың жекелей және ұжымдық қатысулары.

#### **III. №2 педагогикалық кеңестің шешімдерін қабылдау**

**Тындалды:** балабақша менгеруші міндетін атқарушы Ж. Конакбаева ол педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырыды.

Педагогтардың жұмыстарына көnlі толатынын айтып, бірақ әлі де жұмыс жасау керектігін айтып, сөз кезегін №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу туралы мәлімдеді.

**Тындалды:** Балабақша менгеруші міндетін атқарушы Ж. Конакбаева Тамыз конференциясының ұсыныстары мен нормативтік-құқықтық ережелер құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, яғни ҚР Оку-агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-ші қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандартына енгізілген өзгерістер мен мазмұнына қойылатын талаптары орындалу үстінде деді. Жаңа оқу жылында екінші міндет ретінде танымдық зерттеу даму бағытында жұмыс жасауды ұсынылғанын, сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың танымдық, интеллектуалықтық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді дей келе оның жаңашылдығына тоқталды. Былғы өздерініз таңдаған эксперименттік алаң «Жәндіктердің биоэртурлілігін зерттеудегі мектеп жасына дейінгі балалардың танымдылығы» тақырыбында жақсы қарқынды жұмыс бастағандарын айтып, баланың танымдық белсенділіктерінің дамуын зерттеу қызметі арқылы, әр топтың жәндіктерге деген қызығушылықтарын байқағанын айтты. Осы орайда, эксперименттік ересек топ тәрбиешілері А.Айдарбекова, Р.Өмірзак, А.Жанарбекқызы балалармен жәндіктермен зерттеу жүргізіліп келе жатқанын айта кетіп, осы бойынша жобаны жалғастыруды ұсынды. Балабақшада зерттеуде жобалау әдісін пайдаланудың жолдары қарастырылып отырады және дамытушы ойындарды әр ойын іс-әрекетінде қолданып, баланың қызығушылығына қарай дидактикалық материалдардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету керек екенін атап айтты.

**Тындалды:** «Қошақан» тобының тәрбиеші А.Айдарбекова «Балабақшада үйимдастырылған зерттеу іс-әрекетінің маңыздылығы» баяндама оқыды.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі мекемелерде баламен жұмыс жасаудың тиімді жағы- зерттеу жұмыстары. Балабақшадағы баланың іздену жұмыстарының негізгі әдістерінің бірі - зерттеу. Бұл әдістің негізгі жетістіктерінің бірі - баланың затпен, материалмен тікелей қарым-қатынасы. Зерттеу кезінде бала өзінің қажетін қанағаттандырады, ойлау, есте сақтау, зейінін тұрақты қалыптастырады, бақылау, салыстыру, орнына қою сияқты дағдыларды бойына дарытады.

Зерттеу- қоршаған айналаны білу мен түсінудің тиімді әдісі.

Бала бойындағы бар қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететінін атап өтті.

Белсенді, қызыға білуді үйренеді; ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас орнатуды және тіл табыса білуді үйренеді; зияткерлік және жеке мәселелерді шешуге қабілетті болады; өзі, әлемі және табиғаты туралы алғашқы ойлары бар; өз мінез-құлқын басқаруға және әрекетін жоспарлауға қабілетті оянататынына тоқталды. 3-4 жастағы балаларға жұмыстың түрі

күрделенеді және әртүрлі болады. Пайдаланылатын құрал маңызды болуы тиіс. 4-5 жаста жұмыстың түрі күрделіне түседі, 5-6 жаста барлық жұмыстың құрал - жабдықтары күрделі, әрі жан - жақты болуы қажет.

Қытайдың ғалымдарының мынандай сөзі : «Айтсаң- ұмытамын, көрсетсөң - есіме сақтаймын, қолдансам- түсінемін». Бала көріп өзі жасаған нәрсесін көпке дейін есіне сақтайды. Сол үшін балалардың зерттеу жұмыстары мектепке дейінгі жастан басталуы маңызды екенін атап өтті.

**Тыңдалды:** «Қонжық» тобының тәрбиешісі Р.Әмірзак «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін қалыптастыру мүмкіндіктері» баяндама оқыды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін белсенділігін қалыптастыру — олардың дамуы мен білім алуында маңызды кезең болып табылады. Бұл әрекеттер балалардың ойлау, есте сақтау, назарын шоғырландыру, сөздік қорын дамыту және қоршаған әлемді түсіну қабілеттерін арттырады. Танымдық әрекеттің белсенділігін арттыру үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болатынын атап өтті.

Ойын арқылы оқыту: Мектепке дейінгі балалар үшін ойындар танымдық дамудың маңызды құралы болып табылады.

Коршаған ортамен танысу: Балаларды табиғатпен, жан-жануарлармен, өсімдіктермен таныстыру арқылы олардың қызығушылығын арттыруға болады.

Көрнекі құралдармен жұмыс: Балалар түрлі суреттер, схемалар, карталар арқылы ақпаратты қабылдай алады.

Сөйлеуді дамыту: Кітап оқыту, өлеңдер мен ертегілер айту, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы балалардың сөйлеу дағдыларын дамытып, логикалық ойлауын жетілдіруге болады.

Қолданбалы шығармашылық іс-әрекеттер: Мұсіндеу, сурет салу, жапсыру сияқты шығармашылық әрекеттер арқылы балалар өз ойларын көркем түрде жеткізіп, сенсорлық дағдыларын дамыта алады.

Қолданбалы және эксперименттік іс-әрекеттер: Кішкентай тәжірибелер, зерттеулер жүргізу арқылы балалар ғылымның негіздерін түсіне бастайды, олардың қызығушылығы мен ізденушілік қабілеттері дамиды.

**Тыңдалды:** Инновация әдіскері: Ж.Жанакулова «Мектепке дейінгі жастағы баланың танымдық қабілеттерін дамыту бойынша педагогтардың жұмысын саралау»

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырған Мектепке дейінгі білім беру үйіндерінде тәрбиешілер, педагогтері және әдіскерлеріне арналған I қалалық «Зерттеу жұмысы» конкурсына қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын айтып өтті.

Инновация әдіскері Ж.Жанакулова III дәрежелі дипломмен, «Қонжық» ересек тобының тәрбиеші Р.Әмірзак II дәрежелі дипломмен, «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиеші М.Тугелбаева сертификатқа ие болғанын айтып, женістерімен құттықтады. Содан кейін: «Тәжірибе және зерттеу күні» ашық есік апталығы нәтижесімен таныстырыды.

Бұл апталықтың мақсаты: ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп, орі балабақша жұмыс ретімен танысуға, күн тәртібіндегі барлық оқыту-тәрбиелеу процестеріне қатысуларына мүмкіндік беру деді.

Балабақшада өткізілген ашық есік күніне ата-аналар белсенді қатысып, балалардың ойын әрекеттеріне ат салысты. Балалардың ұлттық күндылықтар, достарымен қарым-қатынастарын көріп, он қозқараста таразты. Келешекте осындай ашық күндер жалғасын табады деген пікірлерін айтты.

М. Ешербай «Құлышақ» тобының тәрбиешісі балалар ұлуларын күтіп, күнделікті балабақшаға көкөністерін әкеліп және өздері қоректендіретінін айтты. Ұлулар жайлы бәріне айтып мақтанып және балаларда аяушылық сезімдері пайда болып, бір-бірімен диалог жасап, топтық жұмыстарда белсенділік танытқандарын айтып өтті. Жәндіктер туралы ақпараттарды көбірек жинап, балалар талдап, қорытып, тәжірибе жасайтынын және ол өздеріне өте қызықты екенін атап өтті.

## №2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуы есебі қабылдансын.

**Жауапты: инновация әдіскері Ж.Жанакурова**  
Мерзімі: үнемі

2. «Тәжірибе және зерттеу күні» ашық есік апталығы нәтижесі он деп табылсын.

Тақырыптық бақылау бойынша берілген нұсқаулар ескеріліп, №4 педагогикалық кеңеске дейін ұзак, қысқа мерзімді жоба дайындалып өткізілсін.

3. Эксперименттік алаң аясында әр педагогикалық кеңесте көрме ұйымдастырылып, тәжірибелі педагогтерге шебер сынып өткізу ұсынылсын.

**Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер**  
Мерзімі: ағымдағы оку жылы ішінде

4.1 №2 педагогикалық кеңестің шешімдері қабылдансын.

Төрайымы:  
Хатшы:

*Киғы  
Еңғыл*

Ж. Конакбаева  
Е. Құлімхан